

᠑ᠶᠠᠮᠡᠮᠡ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪɓbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

Zz. Әліпби құрамында Qq, Xx әріптері жоқ. Суахили тілі Танзания, Кения және Уганданың мемлекеттік тілі. Этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде Шығыс және Орталық Африкаға, Үнді мұхитының жағалауынан Конго, Сомали және Мозамбик мемлекеттеріне дейін тараған.

Сундан жазуы – австронезия семьясына жататын сундан тілінің латын әліпбиіне негізделген жазуы. Құрамында диграфтар бар. Жазудың түрі – абугида. Индонезия халқының үштен бірі қолданылады.

Сұрау белгісі «?» – жауап сұраған сөйлемдердің соңынан қойылатын белгі.

Сүзілмелі дауыссыздар – тілдің алдыңғы таңдайға жуысуы арқылы жасалатын ызың фонемалардың түрлері. Оған *и, ж* дыбыстары жағады. Таңдайға тілдің бір жері ғана емес, екі жері бірдей жуысатындықтан, олар екі фокусты фонемалар деп аталады.

Сүйеу таяқ – сөз басында келген дауысты дыбыс харіфтерінің алдынан қойылған белгі. А.Байтұрсынұлы әліпбиге реформа жасағанға дейін «а» дыбысы сөз басында келгенде мәт (~) белгісімен таңбаланып келді. Сөз басында мәт белгісіңсіз келген «/» таңбасы оқылмай, одан кейінгі дыбыстың дауысты екенін ғана білдіретін. Ғалым «Тіл – құралда» сөздің бітеу буындары мен ашық буындарын айырғанда, С.т. (!) дыбыссыз харіфке саналатынын ескертіп, *ынтық, ықтың, ысқын, ыргыз, ылғи* деген сөздердің бас буындары бітеу буын болатынын айтады. Тұрпаты дауысты «а» дыбысына ұқсас болғанмен, буынға бөлуде ол дауысты дыбыс ретінде қарастырылмаған. Яғни, С.т. фонемалық статусы болмаған. Жазуда, оқуда қиындық келтіретіндіктен, ғалым әліпбиге реформа жасаған кезде С.т. қолданыстан шығып қалды.



Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызы (1924-2020) – түркітанушы ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филол. ғыл. док., профессор. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. Негізгі зерттеу бағыттары: қазақ әдеби тілінің тарихы, сөз мәдениеті, орфография. 1959 жылы «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 1971 жылы «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ғалым

XV-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулардың тілін, казак тіліне қатысты ортағасырлық жазба ескерткіштердің тілін зерттеді. 1968 жылы профессор С. М.Балақаев, Е.Жанпейісовтармен бірге «Қазақ әдеби тілі тарихы» атты оқу құралын жазды. Сондай-ақ С. «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы», «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты монографияларында ақын-жыраулардың тілін арнайы зерттеп, оларды әдеби тілдің жазбаға дейінгі кезеңіне жатқызды. Қадырғали би Қосымұлының «Жамиат тауарих» атты шежіресінің тілін жан-жақты талдады. Шежірені алғаш рет бүгінгі графикаға түсіріп, орыс тілінде «Язык Жамигат тауарих» атты монография жариялады. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» атты